

## Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 718 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 желтоқсанда № 31151 болып тіркелді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің өзгерістер мен толықтыру енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі ( бұдан әрі –Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізілетін Тізбенің 11-тармағының сегізінші абзацын қоспағанда , алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Индустрия және инфрақұрылымдық  
даму министрі

К. Ускенбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ғылым және жоғары білім министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Индустрия және  
инфрақұрылымдық даму  
министрінің 2022 жылғы  
15 желтоқсандағы № 718  
Бұйрықпен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің өзгерістер мен толықтыру енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. "Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдардың қызметін бағалау тетігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 264 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10160 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдардың қызметін бағалау тетігінде:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Бұл тетікте мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) энергетикалық аудит (бұдан әрі – энергия аудиті) энергия үнемдеудің мүмкіндігі мен әлеуетін бағалау мен энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі қорытындыны дайындау мақсатында энергетикалық ресурстарды пайдалану туралы деректерді жинау, өңдеу және талдау;

2) энергетикалық тиімділік (бұдан әрі – энергия тиімділігі) – ұсынылған көрсетілетін қызметтер, жұмыстар, шығарылған өнімдер (тауарлар) немесе өндірілген энергетикалық ресурстар көлемінің осыған жұмсалған бастапқы энергетикалық ресурстарға сандық қатынасы;

3) энергия үнемдеу – пайдаланылатын энергетикалық ресурстардың көлемін азайтуға бағытталған ұйымдастырушылық, техникалық, технологиялық, экономикалық және өзге де шараларды іске асыру;

4) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы уәкілетті орган ( бұдан әрі – уәкілетті орган) – энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.";

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – ЖАО) жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 30 қаңтарынан кешіктірмей уәкілетті органға осы тетікке 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері жөніндегі қызмет туралы есепті электрондық жеткізгіштерде ұсынады.

5. Уәкілетті орган ЖАО қызметін бағалау үшін ұсынылған есептерге мынадай өлшемшарттар бойынша талдау жүргізеді:

1) өз құзыреті шегінде энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік саясатты және энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі жол картасының іс-шараларын іске асыру;

2) өз құзыреті шегінде мемлекеттік мекемелердің энергия тұтыну нормативтерінің сақталуына мониторингті жүзеге асыру;

3) мемлекеттік мекемелердің энергия аудитін жүргізуді ұйымдастыру;

4) мемлекеттік мекемелерді терможаңғыртуды жүргізуді ұйымдастыру;

5) мемлекеттік мекемелер үшін энергетикалық ресурстарды есепке алу аспаптарын сатып алу және орнату;

6) мемлекеттік мекемелер үшін жылу тұтынуды реттеудің автоматты жүйелерін сатып алу және орнату;

7) энергия үнемдейтін шамдарды пайдалануды ескере отырып, саябақ пен көше жарығын жаңғыртуды қамтамасыз ету;

8) халық арасында пайдаланылған құрамында сынап бар энергия үнемдейтін шамдарды кәдеге жаратуды ұйымдастыру.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. ЖАО қызметін бағалау өлшемшарттарының көрсеткіштері:

1) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі жол картасы іс – шараларының пайыздық орындалуы (0-20% - 1 балл, 21-40% - 2 балл, 41-60% - 3 балл, 61-80% - 4 балл, 81-100 % - 5 балл);

2) мемлекеттік мекемелердің жалпы санынан мемлекеттік мекемелердің энергия тұтыну нормативтерінің сақталуына мониторингті пайыздық қамту (0-20% - 1 балл, 21-40 % - 2 балл, 41-60 % - 3 балл, 61-80 % - 4 балл, 81-100 % - 5 балл);

3) мемлекеттік мекемелердің жалпы санынан пайыздық мәнде мемлекеттік мекемелердің жыл сайынғы өткізілген энергия аудиттерінің саны (0-10 % - 1 балл, 11-20 % - 2 балл, 21-35 % - 3 балл, 36-50 % - 4 балл, 51-100 % - 5 балл);

4) мемлекеттік мекемелердің жалпы санынан пайыздық мәнде мемлекеттік мекемелерді жыл сайынғы терможаңғырту саны (0-10 % - 1 балл, 11-20 % - 2 балл, 21-35 % - 3 балл, 36-50 % - 4 балл, 51-100 % - 5 балл);

5) мемлекеттік мекемелер үшін белгіленген энергетикалық ресурстарды есепке алу аспаптарының саны мемлекеттік мекемелердің жалпы санынан пайыздық мәнде (0-20 % - 1 балл, 21-40 % - 2 балл, 41-60 % - 3 балл, 61-80 % - 4 балл, 81-100 % - 5 балл);

6) мемлекеттік мекемелер үшін жылу тұтынуды реттеудің белгіленген автоматты жүйелерінің саны мемлекеттік мекемелердің жалпы санынан пайыздық мәнде (0-20 % - 1 балл, 21-40 % - 2 балл, 41-60 % - 3 балл, 61-80 % - 4 балл, 81-100 % - 5 балл);

7) саябақ пен көше жарықтандырудың жалпы санынан энергия үнемдейтін шамдарды пайдалануды ескере отырып, жаңғыртылған саябақ және көше жарықтандыруының үлесі (0-20 % - 1 балл, 21-40 % - 2 балл, 41-60 % - 3 балл, 61-80 % - 4 балл, 81-100 % - 5 балл);

8) есепті кезеңде жоспарланған көлемнен халық арасында пайдаланылған құрамында сынап бар энергия үнемдейтін кәдеге жаратылған шамдардың үлесі (0-50 % - 1 балл, 51-65 % - 2 балл, 66-85 % - 3 балл, 86-95 % - 4 балл, 96-100 % - 5 балл).";

1-қосымша осы тізбеге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Оқу орталықтары қызметінің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 388 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11365 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Оқу орталықтары қызметінің қағидаларында:

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Энергетикалық аудит, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру сараптамасы және энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы менеджмент бағыттары бойынша кадрларды қайта даярлауды және (немесе) олардың біліктілігін арттыруды оқу орталықтары жүзеге асырады.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) біліктілікті арттыру – бұрын алған кәсіптік білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны;

2) кадрларды қайта даярлау және (немесе) олардың біліктілігін арттыру курстарынан өткені туралы куәлік – оқу орталығы беретін, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын кадрларды қайта даярлау және (немесе) олардың біліктілігін арттыру курстарынан өткенін куәландыратын ресми құжат;

3) қайта даярлау – басқа кәсіпті немесе мамандықты игеруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны;

4) оқу орталығы – Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы кадрларды қайта даярлау және (немесе) олардың біліктілігін арттыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектісі;

5) энергетикалық аудит (бұдан әрі – энергия аудиті) – энергия үнемдеудің мүмкіндігі мен әлеуетін бағалау мен энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі қорытындыны дайындау мақсатында энергетикалық ресурстарды пайдалану туралы деректерді жинау, өңдеу және талдау;"

6) энергетикалық тиімділік (бұдан әрі – энергия тиімділігі) – ұсынылған көрсетілетін қызметтер, жұмыстар, шығарылған өнімдер (тауарлар) немесе өндірілген энергетикалық ресурстар көлемінің осыған жұмсалған бастапқы энергетикалық ресурстарға сандық қатынасы;

7) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы менеджмент (бұдан әрі – энергия менеджменті) – энергетикалық ресурстарды ұтымды тұтынуды қамтамасыз етуге және объектінің энергия тиімділігін арттыруға бағытталған әкімшілік іс-қимылдар кешені.";

17-тармақ алып тасталсын;

2-қосымша алып тасталсын.

3. "Көліктің энергия тиімділігі жөніндегі талаптарды белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 389 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10962 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Көліктің энергия тиімділігі жөніндегі талаптарында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы талаптарда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) көліктің энергия тиімділігінің көрсеткіші-пайдалы пайдаланылған энергияның қозғалтқыш тұтынатын жалпы энергия мөлшеріне қатынасымен анықталған энергияны түрлендіруге қатысты тиімділіктің сипаттамасы;

2) отынның калориялық мәні (жанудың меншікті жылуы) – салмағы 1 кг отын толық жанған кезде бөлінетін жылу мөлшерін көрсететін шама;

3) отынның меншікті шығыны-көлік отынының бірлігінің сағатына қуат бірлігіне шығыны;

4) энергетикалық тиімділік (бұдан әрі – энергия тиімділігі) – көрсетілген қызметтер, жұмыстар, шығарылған өнім (тауарлар) немесе өндірілген энергетикалық ресурстар көлемінің осыған жұмсалған бастапқы энергетикалық ресурстарға сандық қатынасы.".

4. "Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы үлгілік келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 390 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11246 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы үлгілік келісімде:

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Келісімді жасасатын Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісі уәкілетті органға энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі қорытынды беруге міндетті, оның қорытындысы бойынша өнім бірлігіне шаққандағы энергия тұтынудың үлестік процентіне тең немесе он бес проценттен асатын энергия үнемдеу әлеуеті айқындалған.

3. Осы Келісімді жасасқан Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісі:

1) уәкілетті органға жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызына дейін энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау есебінен өнім бірлігіне шаққандағы үлестік энергия тұтынуды кемінде он бес пайызға төмендету туралы мәліметтерді және энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында айқындалған, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында айқындалған қаржы қаражатын игеру туралы есепті ұсыну энергия аудитінің немесе экспресс-энергия аудитінің қорытындылары;

2) осы Келісімді жасасқан кезден бастап бес жыл ішінде энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру есебінен өнім бірлігіне меншікті энергия тұтынуды он бес пайызға төмендетуге қол жеткізуге;

3) осы Келісімнің шартын орындамаған жағдайда, тиісті жергілікті бюджетке " Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексінің 495-бабында белгіленген мөлшерлеме бойынша есептелетін қоршаған ортаға эмиссия үшін төлем сомасын Қазақстан Республикасы Салық кодексінің көрсетілген бабының 9-тармағының екінші бөлігінің ережесін ескермей төлеуге, сондай-ақ осы Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісі үшін қоршаған ортаға эмиссия үшін жоғарылатылмаған төлем мөлшерлемесін жергілікті уәкілетті орган бекіткен сәттен бастап қоршаған ортаға эмиссия үшін жоғарылатылмаған төлем мөлшерлемесін белгілеу есебінен үнемделген қоршаған ортаға эмиссия үшін төлем сомасын тиісті жергілікті бюджетке төлеуге;

4) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және осы Келісімнің шарттарын сақтауға міндетті.";

5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы:

1) осы Келісімде көзделген шарттарды сақтау;

2) осы Келісім шеңберінде тек қана объектілер бойынша осы Келісімді жасасқан субъекті үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген қоршаған ортаға эмиссия үшін төлем мөлшерлемесін көтермеу туралы мәселені жергілікті өкілетті органдардың қарауына ұсынуға міндетті.

6. Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісі:

1) мемлекеттік органдарға энергия үнемдеуді және энергия тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар енгізуге;

2) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша ақпаратты уәкілетті органнан алуға құқылы."

5. "Энергия аудитінің қорытындылары бойынша Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісі әзірлейтін энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 391 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10958 болып тіркелген):

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы"

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 6-12) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптар бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Энергия аудитінің қорытындылары бойынша Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісі әзірлейтін энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптары:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптар";

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) "Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 6-12) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Осы Талаптарда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) Мемлекеттік энергетикалық тізілім – мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері туралы ақпараттың жүйелендірілген жиынтығы;

2) мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері – энергетикалық ресурстарды жылына шартты отынның бір мың бес жүз және одан да көп тоннаға баламалы көлемде тұтынатын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар мемлекеттік мекемелер, квазимемлекеттік сектор және табиғи монополиялар субъектілері;

3) энергетикалық аудит (бұдан әрі – энергия аудиті) – энергия үнемдеу мүмкіндігі мен әлеуетін бағалау және энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі қорытындыны дайындау мақсатында энергетикалық ресурстарды пайдалану туралы деректерді жинау, өңдеу және талдау;

4) энергетикалық ресурстар – қордағы энергиясы қазіргі уақытта шаруашылық және өзге де қызмет түрлеріне пайдаланылатын немесе перспективада пайдаланылуы мүмкін табиғи және өндірілген энергия көздерінің жиынтығы, сондай-ақ энергия түрлері (атом, электр, химия, электрлі-магнитті, жылу және энергияның басқа түрлері);

5) энергетикалық тиімділік (бұдан әрі – энергия тиімділігі) – көрсетілген қызметтер, жұмыстар, шығарылған өнім (тауарлар) немесе өндірілген энергетикалық ресурстар көлемінің осыған жұмсалған бастапқы энергетикалық ресурстарға сандық қатынасы;

6) энергия үнемдеу – пайдаланылатын энергетикалық ресурстардың көлемін азайтуға бағытталған ұйымдастырушылық, техникалық, технологиялық, экономикалық және өзге де шараларды іске асыру;

7) энергия үнемдеу аймағы – энергия ресурстарын тұтынатын және энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру объектілері болып табылатын технологиялық процестің, жабдықтың және оның қамтамасыз ету жүйесінің негізгі және қосалқы бөлігі, сондай-ақ энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттырудың сапа менеджменті жүйесінің іс-шаралары;

8) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы менеджмент (бұдан әрі – энергия менеджменті) – энергетикалық ресурстарды ұтымды тұтынуды қамтамасыз етуге және объектінің энергия тиімділігін арттыруға бағытталған әкімшілік іс-қимылдар кешені.

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптар";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспары) осы талаптарға қосымшаға сәйкес нысан бойынша әзірленеді және оны бекіту мерзімі көрсетіле отырып, Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісінің бірінші басшысы бекітеді";

қосымша осы тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

6. "Энергия аудитін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 400 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11729 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Энергия аудитін жүргізу қағидалары осы тізбеге 3-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.



7. "Құрылыс материалдарының, бұйымдары мен конструкцияларының энергия тиімділігі жөніндегі талаптарды белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 401 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11666 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Құрылыс материалдарының, бұйымдары мен конструкцияларының энергия тиімділігі жөніндегі талаптары:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Құрылыс материалдарының, бұйымдары мен конструкцияларының осы талаптарға сәйкестігін растау "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабына сәйкес айқындалады."

8. "Ғимараттардың, құрылыстардың, құрылыстардың жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамаларына қойылатын энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 405 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11177 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ғимараттардың, құрылыстардың, құрылыстардың жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамаларына қойылатын энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі талаптарында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Талаптарда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жалпы энергетикалық сипаттама – жылыту маусымында жалпы жылыту шығындарын есепке ала отырып, ғимаратты жылытуға және желдетуге жұмсалған жылу энергиясының үлестік шығысы;

2) жылыту кезеңінде үйді, құрылысты, ғимаратты жылытуға және желдетуге жұмсалатын жылу энергиясының үлестік шығыны – ауданның бірлігіне немесе жылытылатын көлемнің бірлігіне және жылыту кезеңінің градустық тәулігіне жататын үйдегі жылу және ауа режимінің нормаланған параметрлері кезіндегі ауа алмасуды және қосымша жылу бөлуді есепке ала отырып, жылыту кезеңіндегі жылу энергиясының саны;

3) үйдің, құрылыстың, ғимараттың үлестік жылу қорғау сипаттамасы – үйдің, құрылыстың, ғимараттың жылу қорғау қабықшасын сипаттайтын, саны жағынан температура 1оС ауытқыған кезде үйдің, құрылыстың, ғимараттың жылу қорғау қабықшасы арқылы жылытылатын көлем бірлігінің уақыт бірлігіне жұмсайтын жылу энергиясы шығасыларына тең физикалық шама;

4) үйдің, құрылыстың, ғимараттың энергетикалық паспорты – қолданыстағы үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың, сондай-ақ, үйлердің, құрылыстардың,

ғимараттардың және олардың қоршау конструкцияларының жобаларының энергетикалық, жылу техникалық және геометриялық сипаттамаларынан тұратын құжат;

5) үйдің, құрылыстың, ғимараттың энергия тиімділігі сыныбы – үйдің, құрылыстың, ғимараттың энергия тұтыну үнемділігінің пайдалану сатысындағы энергия тиімділігін сипаттаушы деңгейі;

6) энергия тиімділігі – көрсетілген қызметтер, жұмыстар, шығарылған өнім (тауарлар) немесе өндірілген энергетикалық ресурстар көлемінің осыған жұмсалған бастапқы энергетикалық ресурстарға сандық қатынасы;

7) энергия үнемдеу – пайдаланылатын энергетикалық ресурстардың көлемін азайтуға бағытталған ұйымдастырушылық, техникалық, технологиялық, экономикалық және өзге де шараларды іске асыру."

9. "Технологиялық процестердің, жабдықтардың, оның ішінде электр жабдықтарының энергия тиімділігі жөніндегі талаптарды белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 407 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11321 болып тіркелген):

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Жабдықтың, оның ішінде электр жабдығының энергия тиімділігі жөніндегі талаптарды белгілеу туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 6-8) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Жабдықтың, оның ішінде электр жабдығының энергия тиімділігі жөніндегі талаптар белгіленсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Технологиялық процестердің, жабдықтардың, оның ішінде электр жабдықтарының энергия тиімділігі жөніндегі талаптарында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Жабдықтың, оның ішінде электр жабдығының энергия тиімділігі жөніндегі талаптар";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы жабдықтың, оның ішінде электр жабдығының энергия тиімділігі жөніндегі талаптар (бұдан әрі – Талаптар) жабдыққа, оның ішінде электр жабдығына арналған энергетикалық тиімділік талаптарын белгілеу мақсатында "Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 6-8) тармақшасына сәйкес әзірленді.";

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Талаптарда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) айналу жылдамдығын реттеу үшін жиілік түрлендіргіші – қоректену желісінде ауыспалы токтың жиілігін өзгерту жолымен жүктеменің айналу сәтінің белгіленген жылдамдық сипаттамасына сәйкес оны механикалық түрге түрлендіру мақсатында электр қозғалтқышқа берілетін электр энергиясын үздіксіз бақылауға электр энергиясы түрлендіргіші;

2) декарбонизатор – суды ауамен үрлеу арқылы судан бос көмір қышқылын жоюға арналған аппарат;

3) жүктеме – уақыттың осы сәтінде электр желісімен немесе онымен біріктірілген тетікпен айналмалы электр машинасынан талап етілетін электрлік және механикалық шамалардың барлық сандық мәндері;

4) жылу алмастырғыш – жылуды қызғаннан (сұйық немесе газ түріндегі) анағұрлым суық жылу тасымалдағышқа жеткізіп беруге арналған құрылғы;

5) күштік трансформатор – екі немесе одан да көп орамасы бар, айнымалы кернеу мен токтың бір немесе бірнеше жүйелерін электр магниттік индукциялау арқылы қуатты беру мақсатында әдетте сол жиілік кезінде басқа мәндері бар айнымалы кернеу мен токтың бір немесе бірнеше басқа жүйелеріне түрлендіруге арналған статикалық құрылғы;

6) қайталанатын-қысқа уақыттық кезеңдік режим – жылудың тепе-теңдігіне қол жеткізу үшін жүктемемен жұмыс істеу ұзақтығы жеткіліксіз болғанда қозғалтқыш жұмысының біркелкі циклдерінің бірізділігі;

7) қысқа тұйықталған роторы бар асинхронды қозғалтқыш (бұдан әрі – электр қозғалтқыштар) – роторға жалғанған жылжымалы түйіспелерінсіз, коллекторларынсыз, түйіспелі сақиналарсыз немесе электр түйіспелерінсіз электр қозғалтқышы;

8) номиналды қуат – номиналды деректерге қосылған шығу қуатының сандық мәні;

9) режим – егер бұл қажет болса, іске қосу кезеңдерін, электрлік тоқтатуды, бос жүрісті, ажырату және тыныштық күйін, сондай-ақ олардың ұзақтығы мен уақыттағы бірізділігін қоса алғанда, машина арналған жүктеменің (жүктемелердің) өзгеру сипаты;

10) тоңазытқыш аспап – салқындатылуы бір немесе бірнеше тоңазытқыш агрегаттармен, табиғи конвекциямен және (немесе) өзгедей түзілмеген жүйемен қамтамасыз етілетін бір немесе бірнеше бөлімшелері бар зауытта дайындалған жылу оқшауландырылған камера;

11) трансформатордың энергетикалық тиімділік сыныбы – трансформатордағы шығын деңгейімен (оның энергетикалық тиімділігімен) айқындалатын трансформатордың сипаттамасы;

12) электр қозғалтқыш – электр энергиясын айналмалы не үдемелі қозғалыстың механикалық энергиясына түрлендіруге арналған электр - механикалық құрылғы;

13) электр қозғалтқышының пайдалы әсер коэффициенті (бұдан әрі – ПӘК) – пайызбен көрсетілген электр қозғалтқышының білігіндегі пайдалы қуаттың электр

қозғалтқыштың желіден тұтынатын активті қуатының киловатпен көрсетілген қатынастарына тең коэффициент;

14) энергетикалық тиімділік (бұдан әрі – энергия тиімділігі) – көрсетілген қызметтер, жұмыстар, шығарылған өнім (тауарлар) немесе өндірілген энергетикалық ресурстар көлемінің осыған жұмсалған бастапқы энергетикалық ресурстарға сандық қатынасы;

15) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы менеджмент (бұдан әрі – энергия менеджменті) – энергетикалық ресурстарды ұтымды тұтынуды қамтамасыз етуге және объектінің энергия тиімділігін арттыруға бағытталған әкімшілік іс-қимылдар кешені;

16) Frost Free/Фрост-фри жүйесі – бұл ішіне орнатылған желдеткіштің көмегімен әр түрлі бағыттарда ауа айналымы үнемі болатын жүйе, бұл мұздатқыш және тоңазытқыш бөлімдерінің қабырғаларында мұз бен қыраудың пайда болуын болдырмауға мүмкіндік береді.

3. Осы Талаптар технологиялық процестердің, жабдықтардың, оның ішінде электр жабдығының мына топтарына таралады:

- 1) электр қозғалтқыштары;
  - 2) жарық көздері;
  - 3) қуат трансформаторлары;
  - 4) тоңазытқыш аспаптар.";
- 4-тарау алып тасталсын;

1-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жабдықтың, оның ішінде  
электр жабдығының энергия  
тиімділігі жөніндегі  
талаптарына  
1-қосымша";

2-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жабдықтың, оның ішінде  
электр жабдығының энергия  
тиімділігі жөніндегі  
талаптарына  
2-қосымша";

3-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы мынадай редакцияда:

"Жабдықтың, оның ішінде  
электр жабдығының энергия  
тиімділігі жөніндегі  
талаптарына  
3-қосымша";

4-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жабдықтың, оның ішінде  
электр жабдығының энергия

тиімділігі жөніндегі  
талаптарына  
4-қосымша";

5-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жабдықтың, оның ішінде  
электр жабдығының энергия  
тиімділігі жөніндегі  
талаптарына  
5-қосымша";

6-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жабдықтың, оның ішінде  
электр жабдығының энергия  
тиімділігі жөніндегі  
талаптарына  
6-қосымша";

7-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жабдықтың, оның ішінде  
электр жабдығының энергия  
тиімділігі жөніндегі  
талаптарына  
7-қосымша";

8-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жабдықтың, оның ішінде  
электр жабдығының энергия  
тиімділігі жөніндегі  
талаптарына  
8-қосымша".

**10. Күші жойылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 15.09.2023 № 8 (10.06.2024 қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

11. "Энергия аудитінің қорытындыларына талдау жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 1129 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12542 болып тіркелген):

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі қорытындыларға талдау жүргізу қағидаларын бекіту туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 17-3) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі қорытындыларға талдау жүргізу қағидалары бекітілсін";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Энергия аудитінің қорытындыларына талдау жүргізу қағидалары осы тізбеге 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

12. "Энергия тиімділігі картасын қалыптастыру және жүргізу, жобаларды энергия тиімділігі картасына іріктеу және енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 1139 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12543 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Энергия тиімділігі картасын қалыптастыру және жүргізу, жобаларды энергия тиімділігі картасына іріктеу және енгізу қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) Мемлекеттік энергетикалық тізілім – Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері туралы ақпараттың жүйелендірілген жиынтығы;

2) мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері – жылына мың бес жүз және одан да көп тонна шартты отынға баламалы көлемде энергетикалық ресурстарды тұтынатын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар, сондай-ақ мемлекеттік мекемелер, квазимемлекеттік сектор және табиғи монополиялар субъектілері;

3) орындаушы – энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шаралар кешенін орындайтын заңды тұлға;

4) өтініш беруші – энергия тиімділігі картасына енгізу үшін жоба ұсынған жеке немесе заңды тұлға;

5) сараптама – Өтініш беруші ұсынған құжаттарды энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы белгіленген өлшемшарттарға сәйкестігі мәніне бағалау және талдау процесі;

6) энергетикалық тиімділік (бұдан әрі – энергия тиімділігі) – көрсетілген қызметтер, жұмыстар, шығарылған өнім (тауарлар) немесе өндірілген энергетикалық ресурстар көлемінің осыған жұмсалған бастапқы энергетикалық ресурстарға сандық қатынасы;

7) энергия тиімділігі картасы – қаржыландыру көздерін, оларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар кестелері мен жоспарларын көрсете отырып, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы жобалардың бірыңғай республикалық тізбесі;

8) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы жоба (бұдан әрі – жоба) – энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыруға бағытталған, белгілі бір уақыт кезеңі ішінде іске асырылатын іс-шаралар кешені;

9) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы ұлттық даму институты – дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлға.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Өтініш беруші жобаны энергия тиімділігі картасына енгізу үшін ЭЭҰДИ-ға электрондық және қағаз тасығышта мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес өтініш;

2) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес ұйым басшысы не оны алмастыратын адам бекіткен жобаның паспорты;

3) жобаның қаржыландырылуын пысықтауды растайтын құжаттардың көшірмелері (ниеттер туралы меморандумдар және келісімдер және (немесе) жобаны қаржыландыру туралы шешім) (бар болған жағдайда);

4) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі қорытындының көшірмесі (бар болған жағдайда);

5) ұсынылған іс-шараларға (техникалық-экономикалық негіздеме, қаржы-экономикалық негіздеме, коммерциялық ұсыныстар) талап етілетін инвестициялар мен үнемдеу есебінің дұрыстығын растайтын құжаттардың көшірмелері (бар болған жағдайда).";

мынадай мазмұндағы 16-тармақпен толықтырылсын:

"16. Өтінім беруші жоба паспортында көрсетілген іс-шараларды орындамаған жағдайда, жобалар энергия тиімділігі картасынан ҒЗТҚЖ шешімімен шығарылады.";

1-қосымша осы тізбеге 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3-қосымша осы тізбеге 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің өзгерістер мен  
толықтырулар енгізілетін кейбір  
бұйрықтарының тізбесіне  
1-қосымша  
Энергия үнемдеу және энергия  
тиімділігін арттыру мәселелері  
бойынша жергілікті атқарушы  
органдардың қызметін бағалау  
тетігіне  
1-қосымша  
Нысан

**Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері жөніндегі қызмет туралы есеп \_\_\_\_\_ (жергілікті атқарушы органның атауы) \_\_\_\_\_**  
**\_\_\_\_\_ (есепті кезең)**

№ п/п	Іс-шараның атауы	** Іс-шаралар / жалпы саны	Оның ішінде		* Есепті кезеңде орындалған жұмыс туралы ақпарат
			Есепті кезең үшін	Барлығы	
1	2	3	4	5	6
	Жол картасында және өз құзыреті шегінде энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру				

1	саласындағы іс-шаралар мен міндеттерді, белгіленген іс-шаралардан мемлекеттік саясатты орындау				
2	Өз құзыреті шегінде мемлекеттік мекемелердің жалпы санынан Мемлекеттік мекемелердің энергия тұтыну нормативтерінің сақталуына мониторингті пайыздық қамту				
3	Мемлекеттік мекемелердің жалпы санынан Мемлекеттік мекемелердің өткізілген энергия аудиттерінің саны				
4	Мемлекеттік мекемелердің жалпы санынан Мемлекеттік мекемелердің өткізілген терможаңғырту саны				
5	Мемлекеттік мекемелер үшін мемлекеттік мекемелердің жалпы санынан белгіленген энергетикалық ресурстарды есепке алу аспаптарының саны				
	Мемлекеттік мекемелер үшін мемлекеттік мекемелердің жалпы санынан				



6	жылу тұтынуды реттеудің белгіленген автоматты жүйелерінің саны				
7	Энергия үнемдейтін шамдарды саябақ пен көше жарықтандыруының жалпы санынан пайдалануды ескере отырып, жаңғыртылған саябақ пен көше жарықтандыруының үлесі				
8	Есепті кезеңге жоспарланған көлемнен халықта пайдаланылған құрамында сынап бар энергия үнемдейтін кәдеге жаратылған шамдардың үлесі				

\* - осы жол үшін 2-7-жолдарын толтыру міндетті емес

\*\* - 3-бағанда (іс-шаралар/жалпы саны):

1-жолда-сол немесе өзге іс-шара (- лар);

2 - 6 - жолдарда-әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік мекемелерінің жалпы саны;

7-жолда-әкімшілік-аумақтық бірліктегі саябақ және көше жарығының жалпы саны.

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің өзгерістер мен  
толықтырулар енгізілетін  
кейбір бұйрықтарының тізбесіне  
2-қосымша

Энергия үнемдеу және энергия  
тиімділігін арттыру жөніндегі  
іс-шаралар жоспарының нысаны  
мен мазмұнына қойылатын  
талаптарға қосымша

Нысан







...													
Жи ын ы:													
Ба рл ығ ы:													
Энергия үнемдеу аймағы: Персоналды қайта даярлау және біліктілігін арттыру													
ҚБ А .01													
ҚБ А .02													
ҚБ А .03													
...													
Жи ын ы:													
Ба рл ығ ы:													
Жоспа р бойын ш а жиыны													
Жоспа р бойын ш а барлығ ы													

### Кестенің жалғасы

Өтелу мерзімі, жыл	Орындалу туралы белгі
15	16
Энергия үнемдеу аймағы: Электрмен жабдықтау және жарықтандыру	
Энергия үнемдеу аймағы: Жылумен жабдықтау және жылыту	
Энергия үнемдеу аймағы: Желдету, салқындату, ылғалдандыру	
Энергия үнемдеу аймағы: Сумен жабдықтау және су бұру	
Энергия үнемдеу аймағы: Технологиялық құрал-жабдық	

Энергия үнемдеу аймағы: Есептеу және бақылау аспаптары мен құралдары, оның ішінде автоматтандырылған жүйелер

Энергия үнемдеу аймағы: Энергия менеджменті

Энергия үнемдеу аймағы: Персоналды қайта даярлау және біліктілігін арттыру

## 2-кесте

№	Энергия ресурсының атауы	Энергетикалық ресурстарды тұтынудың жоспарланған төмендеу көлемі (ш.о.т.)					Энергетикалық ресурстарды тұтынудың жоспарланған төмендеуінің жиынтық көлемі (ш.о.т.)	Жоспарланған үнемдеу, млн. теңге				
		20_	20_	20_	20_	20_		20_	20_	20_	20_	20_
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
1												
2												
3												
...												
Барлығы (ш.о.т.):												

## Кестенің жалғасы

Жоспарланған үнемдеу көлемі, млн. теңге	Энергия ресурстарын тұтынудың төмендеу әлеуеті (%)	Орындалу туралы белгі
14	15	16

### 1. Іс-шаралар кодының мәні:

- 1) ЭиОс. - электрмен жабдықтау және жарықтандыру;
- 2) ЖЖЖЖ. - жылумен жабдықтау және жылыту;
- 3) ЖКЫ. - желдету, кондиционерлеу, ылғалдандыру;
- 4) СЖСБ. - Сумен жабдықтау және су бұру;
- 5) ТЖ. - технологиялық жабдық;
- 6) ПУ. - есептеу және бақылау аспаптары мен құралдары, оның ішінде автоматтандырылған жүйелер;
- 7) ЭМ. - энергоменеджмент;

- 8) ДБ. - қайта даярлау және біліктілігін арттыру;
- 9) КО. - қатты отын;
- 10) Газ. - газ;
- 11) СО. - сұйық отын;
- 12) ЭЭ. - электр энергиясы;
- 13) ЖЭ. - жылу энергиясы;
- 14) с. - су;
- 15) ш.о.т. - бір тонна шартты отын.

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің өзгерістер мен  
толықтырулар енгізілетін кейбір  
бұйрықтарының тізбесіне  
3-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің 2015 жылғы  
31 наурыздағы № 400  
бұйрығымен бекітілген

## **Энергия аудитін жүргізу қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Энергия аудитін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабы 6-10) тармақшасына сәйкес әзірленді және энергия аудитін жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аспаптық тексеру – стационарлық және портативті аспаптардың көмегімен энергия тұтыну сипаттамаларын өлшеу және тіркеу;

2) нысаналы энергия аудиті – ерікті негізде жүргізілетін, нысаналы сипаты және жүргізу көлемі бойынша шектеуі бар энергия аудиті;

3) үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың энергия тиімділігі сыныбы – үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың энергия тұтыну үнемділігінің пайдалану сатысындағы энергия тиімділігін сипаттаушы деңгейі;

4) экспресс-энергия аудиті – қысқартылған бағдарлама бойынша және энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы менеджмент жүйесі шеңберінде жүзеге асырылатын энергетикалық талдаудың және энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі алдыңғы қорытындының нәтижелерін растау мақсатында жүргізілетін энергия аудиті;

5) энергетикалық аудит (бұдан әрі – энергия аудиті) энергия үнемдеудің мүмкіндігі мен әлеуетін бағалау мен энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі

қорытындыны дайындау мақсатында энергетикалық ресурстарды пайдалану туралы деректерді жинау, өңдеу және талдау;

6) энергия-аудиторлық ұйым – энергия аудитін жүзеге асыратын заңды тұлға;

7) энергия үнемдеу – пайдаланылатын энергетикалық ресурстардың көлемін азайтуға бағытталған ұйымдастырушылық, техникалық, технологиялық, экономикалық және өзге де шараларды іске асыру;

8) энергетикалық тиімділік (бұдан әрі – энергия тиімділігі) – ұсынылған көрсетілетін қызметтер, жұмыстар, шығарылған өнімдер (тауарлар) немесе өндірілген энергетикалық ресурстар көлемінің осыған жұмсалған бастапқы энергетикалық ресурстарға сандық қатынасы;

9) энергетикалық ресурстар – запастағы энергиясы қазіргі уақытта шаруашылық және өзге де қызмет түрлеріне пайдаланылатын немесе перспективада пайдаланылуы мүмкін табиғи және өндірілген энергия көздерінің жиынтығы, сондай-ақ энергия түрлері (атом, электр, химия, электрлі-магнитті, жылу және энергияның басқа түрлері);

10) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы менеджмент (бұдан әрі – энергия менеджменті) – объектінің энергетикалық ресурстарын ұтымды тұтынуды қамтамасыз етуге және энергия тиімділігін арттыруға бағытталған әкімшілік іс-қимылдар кешені.

3. Энергия аудиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған шарт негізінде, өтініш білдірген тұлғаның қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

4. Энергия аудиті энергия үнемдеу мүмкіндігі мен әлеуетін бағалау, энергия тиімділігін арттыру мүмкіндіктерін айқындау, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды іске асыруға арналған шығындарды бағалау, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі қорытындыны немесе энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі техникалық есепті дайындау мақсатында жүргізіледі.

Энергия аудиті келесі түрлерге бөлінеді: міндетті энергия аудиті, жедел энергия аудиті және мақсатты энергия аудиті.

5. Энергия аудитін жүргізудің жалпы мерзімі кемінде екі айды құрайды, бірақ шарт жасалған күннен бастап он екі айдан көп емес.

6. Энергия аудиті тексерілетін объектінің (объектілердің) маусымдық сипаттамалары ескеріліп жүргізіледі. Бұл ретте осы Қағидалардың 8-тармағында көзделген өлшеу (сынау) кезеңі үйлер, құрылыстар және ғимараттары бар өнеркәсіптік кәсіпорындарға қатысты қыс және жаз кезеңдерінде жүргізіледі.

## **2-тарау. Энергия аудиттерін жүргізу тәртібі 1-параграф. Энергия аудиті**

7. Энергия аудиті мынадай кезеңдер бойынша жүргізіледі:

1) дайындық;

2) өлшеу (сынау);



3) талдамалық;

4) қорытынды.

8. Дайындық кезеңінде энергия-аудиторлық ұйым энергия аудитін өткізу бағдарламасын (бұдан әрі - Бағдарлама) жұмысты орындау мерзімдері мен жауапты тұлғаларды көрсете отырып жасайды. Бағдарламаға Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 31 мамырдағы № 455 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13902 болып тіркелген) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін қажетті тиісті аспаптық өлшеулердің регламенті, ақпараттық-өлшеу кешендері мен техникалық құралдардың тізбесі, олардың тексерілуін растайтын құжаттар қоса беріледі. Энергия-аудиторлық ұйым осы кезеңді орындау шеңберінде жүгінген тұлға ұсынатын, қажетті мәліметтер мен құжаттардың (бастапқы деректердің) (олар бар болған жағдайда) тізбесін, оның ішінде:

1) бұрынғы энергия аудитінің қорытындысы бойынша әзірленген энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын және оның орындалу нәтижелерін (энергия аудитін қайта өткізген жағдайда);

2) энергия аудитінің алдындағы кезекті бес жыл ішінде энергетикалық ресурстарды және суды өндіру, шығару, тұтыну, беру көлемдерін;

3) негізгі үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың құрамы және олардың сипаттамаларын (объектінің мақсаты және оның құрамдас бөлігі (қосымша құрылыс), инженерлік жүйелер, энергия тиімділігі сыныбы, салыну күні, үйдің қабаттылығы, қабырғалар және шатырлар материалы, әйнектеу ауданы және әйнектеу түрі, текше метрлігі, жалпы аумағы);

4) энергиямен жабдықтау көздері және энергия тасығыштардың параметрлері туралы мәліметтерді;

5) өнім бірлігіне шаққанда нақты энергия тұтыну және (немесе) үйлер, құрылыстар, ғимараттар ауданының бірлігіне немесе жылынатын көлеміне шаққанда жылытуға кеткен энергетикалық ресурстар шығысын;

6) энергетикалық және технологиялық жабдықтар туралы мәліметтерді;

7) энергия тұтынатын электр құрылғының энергия тиімділігі сыныбын;

8) есепке алу және бақылау аспаптары туралы мәліметтерді;

9) электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, желдету, салқындату, сумен жабдықтау, ауамен жабдықтау, кәріз, газбен жабдықтау жүйелері туралы мәліметтерді;

10) жүгінген тұлға қызметкерлерінің сандық құрамының ұлғаюын немесе азаюын;

11) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру аудиті бойынша алдыңғы қорытындының көшірмесін;

12) энергия менеджменті жүйесінің жұмысын ұйымдастыру туралы мәліметтерді қалыптастырады (бар болса).

Мәліметтер мен құжаттарды ұсыну мерзімдері Бағдарламада көрсетілуі тиіс. Мәліметтер Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 387 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11728 болып тіркелген) Мемлекеттік энергетикалық тізілімді қалыптастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес Мемлекеттік энергетикалық тізілімге енгізілетін ақпаратпен бірдей болуы тиіс. Дайындық кезеңінің нәтижесі болып жүгінген тұлғамен келісілген және энергия-аудиторлық ұйым бекіткен Бағдарлама, сондай-ақ тиісті қабылдау-беру актісінде ресімделген мәліметтер мен құжаттардың тізбесі табылады.

9. Энергия аудитінің өлшеу кезеңі "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сенім білдірілген ақпараттық-өлшеу кешендері мен техникалық құралдарды пайдалануды қамтиды. Өлшеу кезеңінде энергия-аудиторлық ұйым мынадай іс-шараларды жүргізеді:

1) бекітілген Бағдарламаға сәйкес жабдықтың жұмыс параметрлерін аспаптық өлшеу;

2) бекітілген Бағдарламаға сәйкес өлшеу аспаптарын пайдалана отырып, үйлерді, құрылыстарды, ғимараттарды және оның инженерлік жүйелерін құрал-жабдықпен тексеру;

3) кәсіпорынның штаттық құралдарынан деректерді алу (салыстырылып тексерілген).

10. Талдамалық кезеңде энергия-аудиторлық ұйым мынадай іс-шараларды жүргізеді :

1) өлшеу кезеңінде алынған ақпаратты және өлшеу (сынау) нәтижелерін талдау;

2) дайындық кезеңінде алынған бастапқы деректерді талдау;

3) үйлердің, жабдықтардың жекелеген түрлерінің және технологиялық процестердің энергия тиімділігінің нақты көрсеткіштерін есептеу;

4) нақты көрсеткіштерді нормативтік (нормаланатын) мәндермен (олар бар болған жағдайда) салыстыру;

5) нақты энергия тиімділігі көрсеткіштері мен нормативтік (нормаланатын) мәндерінің (олар бар болған жағдайда) сәйкес келмеу себептерін анықтау және талдау;

6) әрбір жекелеген көрсеткіш бойынша, үйлер, энергетикалық ресурстардың түрлері бойынша энергия үнемдеу әлеуетінің мәнін есептеу;

7) жүгінген тұлғаның қызметіне қолданылатын ең үздік әлемдік тәжірибелерді талдау.

11. Қорытынды кезеңде энергия-аудиторлық ұйым жабдықтар тобы мен энергия тасымалдаушылар түрлері бойынша, технологиялық процестердің, үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың энергетикалық ресурстарды пайдалануын талдау нәтижелерін қорытады.

12. Энергия аудитінің нәтижелері бойынша энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі қорытынды жасалады.

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру аудиті жөніндегі қорытындысы осы Қағидаларға сәйкес ресімделеді, энергия аудитін жүзеге асыратын заңды тұлғаның фирмалық бланкісінде беріледі, оның басшысы бекітеді, энергия аудиторлық ұйымның қолымен және мөрімен, сондай-ақ аттестатталған энергия аудиторларының қолымен расталады.

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру аудитінің қорытындысына жүгінген тұлғаның тарабынан қарсылықтар бар болған жағдайда, энергия аудиторлық ұйым жазбаша түрде толық түсініктеме береді.

13. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру қорытындысы негізгі үш бөліктен тұрады:

1) жүгінген тұлға, энергия-аудиторлық ұйым деректері, жасалған шарттың нөмірі және энергия аудиті объектісі (өндірістік қызметтің сипаттамасы және технологиялық процестің сипаттауы) көрсетілетін кіріспе бөлік;

2) энергетикалық ресурстарды тұтыну бойынша, өнім бірлігіне шаққандағы энергетикалық ресурстардың үлестік шығындарын есебімен анықтау бойынша, электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, ауамен жабдықтау, сумен жабдықтау жүйелері бойынша, үйлер, құрылыстар және ғимараттар бойынша талдау жүргізілетін негізгі бөлігі;

3) ұсынымдар мен тұжырымдарды қамтитын қорытынды бөлік. Ұсынымдарда өнім бірлігіне шаққандағы энергетикалық ресурстарды тұтынудың азайғаны және (немесе) үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың ауданына шаққандағы жылытуға жұмсалатын энергетикалық ресурстардың азайғаны, жүгінген тұлғаның қызметіне қолданылатын халықаралық тәжірибе ескеріле отырып, және оларды орындау мерзімдері, сондай-ақ ұсынылған іс-шаралардың техника-экономикалық есебі мен негіздемесі көрсетіле отырып объектінің энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралары, тұжырымдарда – осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес жүгінген тұлғаның энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметінің жалпы бағалануы, объектінің энергия үнемдеуінің заттай және пайыздық көріністегі ықтимал әлеуеті келтіріледі. Бұл ретте ұсынылған іс-шаралар ұсынымдалған (әлеуетті ықтимал) және экономикалық орынды (жобаның бесінші жылында келтірілген құны оң болып табылады, ал ішкі пайдалылық нормасы екі және одан да көп пайызға қолданылатын дисконттау мөлшерлемесінен жоғары) болып бөлінуі тиіс.

14. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі қорытындыға энергия аудиторлық ұйым толтыратын есептік ақпарат қоса беріледі:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өнеркәсіптік кәсіпорындар үшін;

2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үйлер, құрылыстар, ғимараттар үшін;

3) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үйлер, құрылыстар, ғимараттары бар өнеркәсіптік кәсіпорындар үшін есептік ақпарат қоса беріледі.

15. Экономикалық мақсатты іс-шараларды әзірлеу кезінде жинақтап қорыту, үлгілік бағалау немесе үнемдеудің шартты пайыздарын қолдануға жол берілмейді. Энергия үнемдеу бойынша іс-шаралардың техникалық негіздемесі сарапшылардың субъективті бағалауларын ең төменгі қолданумен іс жүзіндегі деректерге негіздей отырып өлшем бірліктердің заттай мөлшерімен жасалуы тиіс.

Инвестициялық есептер үшін барлық бастапқы деректер техникалық есеппен расталуы, анықтамалық құжаттамалар (дереккөзге сілтеме бере отырып) бойынша қабылдануы және тікелей өлшеу жүргізу жолымен алынуы тиіс.

Энергия үнемдеу және ұтымды пайдалану жөніндегі ұсынымдар қызметкерлер жұмыстарының қауіпсіздігі мен жайлылығының деңгейін, өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін төмендетпеуі тиіс, ол әрбір нақты іс-шараның іске асырылуымен байланысты ықтимал қауіптердің бағалауын жүргізумен расталуы тиіс.

Негізгі немесе көмекші жабдықты ауыстырумен байланысты энергия үнемдеу бойынша іс-шаралардың техникалық-экономикалық есебі кем дегенде екі әлеуетті берушілер ресми берілген коммерциялық ұсыныстардың және жабдықтың кепілдік техникалық деректерінің негізінде орындалуы тиіс.

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша іс-шаралардың техникалық-экономикалық есебі халықаралық тәжірибеге (келтірілген таза құн, кірістің ішкі нормасы, өтелу мерзімі) сәйкес нақты экономикалық көрсеткіштерін көрсетуі тиіс.

16. Қоғамдық және (немесе) тұрғын үй ғимараты энергия аудитінің қорытындысы бойынша энергия-аудиторлық ұйым осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес ғимараттың энергия тиімділігі сыныбының көрсеткішін толтырады.

17. Энергия аудитін жүргізу қорытындылар бойынша Заңның 5-бабы 13-7) тармағына сәйкес бекітілген нысанға сәйкес үйлер, құрылыстар мен ғимараттарды энергия тиімділігі бойынша таңбалау белгіленеді және энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі қорытындысында көрсетіледі.

18. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі қорытынды екі данада ресімделеді: бір данасы жүгінген тұлғаға беріледі, екіншісі энергия-аудиторлық ұйымда сақталады.

## **2-параграф. Экспресс-энергия аудиті**

19. Экспресс-энергия аудиті бойынша жұмыстарды жүргізу бірнеше кезеңнен тұрады:

- 1) дайындық;
- 2) талдамалық;

3) қорытынды.

20. Дайындық кезеңінде энергия-аудиторлық ұйым энергия аудитін өткізу бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) жұмысты орындау мерзімдері мен жауапты тұлғаларды көрсете отырып жасайды. Бағдарламаға Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 31 мамырдағы № 455 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13902 болып тіркелген) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін қажетті тиісті аспаптық өлшеулердің регламенті, ақпараттық-өлшеу кешендері мен техникалық құралдардың тізбесі, олардың тексерілуін растайтын құжаттар қоса беріледі. Энергия-аудиторлық ұйым осы кезеңді орындау шеңберінде жүгінген тұлға ұсынатын, қажетті мәліметтер мен құжаттардың (бастапқы деректердің) (олар бар болған жағдайда) тізбесін, оның ішінде:

1) бұрынғы энергия аудитінің қорытындысы бойынша әзірленген энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын және оның орындалу нәтижелерін (энергия аудитін қайта өткізген жағдайда);

2) энергия аудитінің алдындағы кезекті бес жыл ішінде энергетикалық ресурстарды және суды өндіру, шығару, тұтыну, беру көлемдерін;

3) негізгі үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың құрамы және олардың сипаттамаларын (объектінің мақсаты және оның құрамдас бөлігі (қосымша құрылыс), инженерлік жүйелер, энергия тиімділігі сыныбы, салыну күні, үйдің қабаттылығы, қабырғалар және шатырлар материалы, әйнектеу ауданы және әйнектеу түрі, текше метрлігі, жалпы аумағы);

4) энергиямен жабдықтау көздері және энергия тасығыштардың параметрлері туралы мәліметтерді;

5) өнім бірлігіне шаққанда нақты энергия тұтыну және (немесе) үйлер, құрылыстар, ғимараттар ауданының бірлігіне немесе жылынатын көлеміне шаққанда жылытуға кеткен энергетикалық ресурстар шығысын;

6) энергетикалық және технологиялық жабдықтар туралы мәліметтерді;

7) энергия тұтынатын электр құрылғының энергия тиімділігі сыныбын;

8) есепке алу және бақылау аспаптары туралы мәліметтерді;

9) электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, желдету, салқындату, сумен жабдықтау, ауамен жабдықтау, кәріз, газбен жабдықтау жүйелері туралы мәліметтерді;

10) жүгінген тұлға қызметкерлерінің сандық құрамының ұлғаюын немесе азаюын;

11) энергия аудиті бойынша алдыңғы қорытындының көшірмесін;

12) энергия менеджменті жүйесінің жұмысын ұйымдастыру туралы мәліметтерді қалыптастырады.

Мәліметтер мен құжаттарды ұсыну мерзімдері Бағдарламада көрсетілуі тиіс. Мәліметтер Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 387 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11728 болып тіркелген) Мемлекеттік энергетикалық тізілімді қалыптастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес Мемлекеттік энергетикалық тізілімге енгізілетін ақпаратпен бірдей болуы тиіс. Дайындық кезеңінің нәтижесі болып жүгінген тұлғамен келісілген және энергия-аудиторлық ұйым бекіткен Бағдарлама, сондай-ақ тиісті қабылдау-беру актісінде ресімделген мәліметтер мен құжаттардың тізбесі табылады.

21. Талдамалық кезеңде энергия-аудиторлық ұйым мынадай іс-шараларды жүргізеді :

- 1) өтініш білдірген адамнан алынған мәліметтер мен деректерді олар ұсынылған жағдайда талдау;
- 2) үйлердің, жабдықтардың жекелеген түрлерінің және технологиялық процестердің энергия тиімділігінің нақты көрсеткіштерін есептеу;
- 3) нақты көрсеткіштерді нормативтік (нормаланатын) мәндермен (олар бар болған жағдайда) салыстыру;
- 4) нақты энергия тиімділігі көрсеткіштері мен нормативтік (нормаланатын) мәндерінің (олар бар болған жағдайда) сәйкес келмеу себептерін анықтау және талдау;
- 5) әрбір жекелеген көрсеткіш бойынша, үйлер, энергетикалық ресурстардың түрлері бойынша энергия үнемдеу әлеуетінің мәнін есептеу;
- 6) жүгінген тұлғаның қызметіне қолданылатын ең үздік әлемдік тәжірибелерді талдау.

22. Қорытынды кезеңде энергия-аудиторлық ұйым жабдықтар тобы мен энергия тасымалдаушылар түрлері бойынша, технологиялық процестердің, үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың энергетикалық ресурстарды пайдалануын талдау нәтижелерін қорытады.

23. Экспресс-энергия аудитінің нәтижелері бойынша энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі қорытынды жасалады.

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі қорытынды осы Қағидаларға сәйкес ресімделеді, энергия аудитін жүзеге асыратын заңды тұлғаның фирмалық бланкісінде беріледі, оның басшысы бекітеді, энергия аудиторлық ұйымның қолымен және мөрімен, сондай-ақ аттестатталған энергия аудиторларының қолымен расталады.

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі қорытындысына жүгінген тұлғаның тарабынан қарсылықтар бар болған жағдайда, энергия аудиторлық ұйым жазбаша түрде толық түсініктеме береді.

24. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы қорытынды үш негізгі бөліктен тұрады:

- 1) жүгінген тұлға, энергия-аудиторлық ұйым деректері, жасалған шарттың нөмірі және энергия аудиті объектісі (өндірістік қызметтің сипаттамасы және технологиялық процестің сипаттауы) көрсетілетін кіріспе бөлік;

2) энергетикалық ресурстарды тұтыну бойынша, өнім бірлігіне шаққандағы энергетикалық ресурстардың үлестік шығындарын есебімен анықтау бойынша, электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, ауамен жабдықтау, сумен жабдықтау жүйелері бойынша, үйлер, құрылыстар және ғимараттар бойынша талдау жүргізілетін негізгі бөлігі;

3) ұсынымдар мен тұжырымдарды қамтитын қорытынды бөлік. Ұсынымдарда өнім бірлігіне шаққандағы энергетикалық ресурстарды тұтынудың азайғаны және (немесе) үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың ауданына шаққандағы жылытуға жұмсалатын энергетикалық ресурстардың азайғаны, жүгінген тұлғаның қызметіне қолданылатын халықаралық тәжірибе ескеріле отырып, және оларды орындау мерзімдері, сондай-ақ ұсынылған іс-шаралардың техника-экономикалық есебі мен негіздемесі көрсетіле отырып объектінің энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралары, тұжырымдарда – осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес жүгінген тұлғаның энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметінің жалпы бағалануы, объектінің энергия үнемдеуінің заттай және пайыздық көріністегі ықтимал әлеуеті келтіріледі. Бұл ретте ұсынылған іс-шаралар ұсынымдалған (әлеуетті ықтимал) және экономикалық орынды (жобаның бесінші жылында келтірілген құны оң болып табылады, ал ішкі пайдалылық нормасы екі және одан да көп пайызға қолданылатын дисконттау мөлшерлемесінен жоғары) болып бөлінуі тиіс).

25. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі қорытындыға энергия аудиторлық ұйым толтыратын есептік ақпарат қоса беріледі:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өнеркәсіптік кәсіпорындар үшін;

2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үйлер, құрылыстар, ғимараттар үшін;

3) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үйлер, құрылыстар, ғимараттары бар өнеркәсіптік кәсіпорындар үшін есептік ақпарат қоса беріледі.

26. Экономикалық мақсатты іс-шараларды әзірлеу кезінде жинақтап қорыту, үлгілік бағалау немесе үнемдеудің шартты пайыздарын қолдануға жол берілмейді. Энергия үнемдеу бойынша іс-шаралардың техникалық негіздемесі сарапшылардың субъективті бағалауларын ең төменгі қолданумен іс жүзіндегі деректерге негіздей отырып өлшем бірліктердің заттай мөлшерімен жасалуы тиіс.

Инвестициялық есептер үшін барлық бастапқы деректер техникалық есеппен расталуы, анықтамалық құжаттамалар (дереккөзге сілтеме бере отырып) бойынша қабылдануы және тікелей өлшеу жүргізу жолымен алынуы тиіс.

Энергия үнемдеу және ұтымды пайдалану жөніндегі ұсынымдар қызметкерлер жұмыстарының қауіпсіздігі мен жайлылығының деңгейін, өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін төмендетпеуі тиіс, ол әрбір нақты іс-шараның іске асырылуымен байланысты ықтимал қауіптердің бағалауын жүргізумен расталуы тиіс.

Негізгі немесе көмекші жабдықты ауыстырумен байланысты энергия үнемдеу бойынша іс-шаралардың техникалық-экономикалық есебі кем дегенде екі әлеуетті берушілер ресми берілген коммерциялық ұсыныстардың және жабдықтың кепілдік техникалық деректерінің негізінде орындалуы тиіс.

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша іс-шаралардың техникалық-экономикалық есебі халықаралық тәжірибеге (келтірілген таза құн, кірістің ішкі нормасы, өтелу мерзімі) сәйкес нақты экономикалық көрсеткіштерін көрсетуі тиіс.

27. Қоғамдық және (немесе) тұрғын үй ғимараты энергия аудитінің қорытындысы бойынша энергия-аудиторлық ұйым осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес ғимараттың энергия тиімділігі сыныбының көрсеткішін толтырады.

Энергия-аудиторлық ұйым әрбір қоғамдық және (немесе) тұрғын үй ғимараты үшін энергия тиімділігі сыныбының көрсеткішін толтырады.

28. Энергия аудитін жүргізу қорытындылар бойынша Заңның 5-бабы 13-7) тармағына сәйкес бекітілген нысанға сәйкес үйлер, құрылыстар мен ғимараттарды энергия тиімділігі бойынша таңбалау белгіленеді және энергия аудитінің қорытындысында көрсетіледі.

29. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі қорытындысы екі данада ресімделеді: бір данасы жүгінген тұлғаға беріледі, екіншісі энергия-аудиторлық ұйымда сақталады.

### **3-параграф. Нысаналы энергия аудиті**

30. Нысаналы энергия аудиті бойынша жұмыстарды жүргізу бірнеше кезеңнен тұрады:

- 1) дайындық;
- 2) талдамалық;
- 3) қорытынды.

31. Дайындық кезеңінде энергия-аудиторлық ұйым энергия аудитін өткізу бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) жұмысты орындау мерзімдері мен жауапты тұлғаларды көрсете отырып жасайды. Бағдарламаға Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 31 мамырдағы № 455 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13902 болып тіркелген) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін қажетті тиісті аспаптық өлшеулердің регламенті, ақпараттық-өлшеу кешендері мен техникалық құралдардың тізбесі, олардың тексерілуін растайтын құжаттар қоса беріледі. Энергия-аудиторлық ұйым осы кезеңді орындау шеңберінде жүгінген тұлға ұсынатын, қажетті мәліметтер мен құжаттардың (бастапқы деректердің) (олар бар болған жағдайда) тізбесін, оның ішінде:



1) бұрынғы энергия аудитінің қорытындысы бойынша әзірленген энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын және оның орындалу нәтижелерін (энергия аудитін қайта өткізген жағдайда);

2) энергия аудитінің алдындағы кезекті бес жыл ішінде энергетикалық ресурстарды және суды өндіру, шығару, тұтыну, беру көлемдерін;

3) негізгі үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың құрамы және олардың сипаттамаларын (объектінің мақсаты және оның құрамдас бөлігі (қосымша құрылыс), инженерлік жүйелер, энергия тиімділігі сыныбы, салыну күні, үйдің қабаттылығы, қабырғалар және шатырлар материалы, әйнектеу ауданы және әйнектеу түрі, текше метрлігі, жалпы аумағы);

4) энергиямен жабдықтау көздері және энергия тасығыштардың параметрлері туралы мәліметтерді;

5) өнім бірлігіне шаққанда нақты энергия тұтыну және (немесе) үйлер, құрылыстар, ғимараттар ауданының бірлігіне немесе жылынатын көлеміне шаққанда жылытуға кеткен энергетикалық ресурстар шығысын;

6) энергетикалық және технологиялық жабдықтар туралы мәліметтерді;

7) энергия тұтынатын электр құрылғының энергия тиімділігі сыныбын;

8) есепке алу және бақылау аспаптары туралы мәліметтерді;

9) электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, желдету, салқындату, сумен жабдықтау, ауамен жабдықтау, кәріз, газбен жабдықтау жүйелері туралы мәліметтерді;

10) жүгінген тұлға қызметкерлерінің сандық құрамының ұлғаюын немесе азаюын;

11) энергия аудиті бойынша алдыңғы қорытындының көшірмесін;

12) энергия менеджменті жүйесінің жұмысын ұйымдастыру туралы мәліметтерді қалыптастырады.

Мәліметтер мен құжаттарды ұсыну мерзімдері Бағдарламада көрсетілуі тиіс. Мәліметтер Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 387 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11728 болып тіркелген) бекітілген, Мемлекеттік энергетикалық тізілімді қалыптастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес Мемлекеттік энергетикалық тізілімге енгізілетін ақпаратпен бірдей болуы тиіс. Дайындық кезеңінің нәтижесі болып жүгінген тұлғамен келісілген және энергия-аудиторлық ұйым бекіткен бағдарлама, сондай-ақ тиісті қабылдау-беру актісінде ресімделген мәліметтер мен құжаттардың тізбесі табылады.

32. Талдамалық кезеңде энергия-аудиторлық ұйым мынадай іс-шараларды жүргізеді :

1) өтініш білдірген адамнан алынған мәліметтер мен деректерді олар ұсынылған жағдайда талдау;

2) үйлердің, жабдықтардың жекелеген түрлерінің және технологиялық процестердің энергия тиімділігінің нақты көрсеткіштерін есептеу;

3) нақты көрсеткіштерді нормативтік (нормаланатын) мәндермен (олар бар болған жағдайда) салыстыру;

4) нақты энергия тиімділігі көрсеткіштері мен нормативтік (нормаланатын) мәндерінің (олар бар болған жағдайда) сәйкес келмеу себептерін анықтау және талдау;

5) әрбір жекелеген көрсеткіш бойынша, үйлер, энергетикалық ресурстардың түрлері бойынша энергия үнемдеу әлеуетінің мәнін есептеу;

6) жүгінген тұлғаның қызметіне қолданылатын ең үздік әлемдік тәжірибелерді талдау.

33. Қорытынды кезеңде энергия-аудиторлық ұйым жабдықтар тобы мен энергия тасымалдаушылар түрлері бойынша, технологиялық процестердің, үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың энергетикалық ресурстарды пайдалануын талдау нәтижелерін қорытады.

34. Нысаналы энергия аудитінің нәтижелері бойынша энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша техникалық есеп жасалады.

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі техникалық есеп осы Қағидаларға сәйкес ресімделеді, Берілген күнін көрсете отырып, энергия аудитін жүзеге асырған заңды тұлғаның немесе дара кәсіпкердің фирмалық бланкісінде беріледі, оның басшысы бекітеді, дара кәсіпкер болып табылатын энергия аудиторлық ұйымның немесе энергия аудиторының мөрімен, сондай-ақ аттестатталған энергия аудиторларының қолдарымен куәландырылады.

Өтініш берген тұлға тарапынан энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі техникалық есепке қарсылықтар болған жағдайда, энергия аудиторлық ұйым жазбаша түрде толық түсініктеме береді.

35. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі техникалық есеп үш негізгі бөліктен тұрады:

1) жүгінген тұлға, энергия-аудиторлық ұйым деректері, жасалған шарттың нөмірі және энергия аудиті объектісі (өндірістік қызметтің сипаттамасы және технологиялық процестің сипаттауы) көрсетілетін кіріспе бөлік;

2) энергетикалық ресурстарды тұтыну бойынша, өнім бірлігіне шаққандағы энергетикалық ресурстардың үлестік шығындарын есебімен анықтау бойынша, электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, ауамен жабдықтау, сумен жабдықтау жүйелері бойынша, үйлер, құрылыстар және ғимараттар бойынша талдау жүргізілетін негізгі бөлігі;

3) ұсынымдар мен тұжырымдарды қамтитын қорытынды бөлік. Ұсынымдарда өнім бірлігіне шаққандағы энергетикалық ресурстарды тұтынудың азайғаны және (немесе) үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың ауданына шаққандағы жылытуға жұмсалатын энергетикалық ресурстардың азайғаны, жүгінген тұлғаның қызметіне қолданылатын халықаралық тәжірибе ескеріле отырып, және оларды орындау мерзімдері, сондай-ақ ұсынылған іс-шаралардың техника-экономикалық есебі мен

негіздемесі көрсетіле отырып объектінің энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралары, тұжырымдарда – осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес жүгінген тұлғаның энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметінің жалпы бағалануы, объектінің энергия үнемдеуінің заттай және пайыздық көріністегі ықтимал әлеуеті келтіріледі. Бұл ретте ұсынылған іс-шаралар ұсынымдалған (әлеуетті ықтимал) және экономикалық орынды (жобаның бесінші жылында келтірілген құны оң болып табылады, ал ішкі пайдалылық нормасы екі және одан да көп пайызға қолданылатын дисконттау мөлшерлемесінен жоғары) болып бөлінуі тиіс.

36. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі техникалық есепке дара кәсіпкер болып табылатын энергия аудиторлық ұйым немесе энергия аудиторы толтыратын есептік ақпарат қоса беріледі:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ғимараттар, құрылыстар, құрылыстар үшін;

2) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы өтініш білдірген тұлғаның қызметін жалпы бағалау.

37. Экономикалық мақсатты іс-шараларды әзірлеу кезінде жинақтап қорыту, үлгілік бағалау немесе үнемдеудің шартты пайыздарын қолдануға жол берілмейді. Энергия үнемдеу бойынша іс-шаралардың техникалық негіздемесі сарапшылардың субъективті бағалауларын ең төменгі қолданумен іс жүзіндегі деректерге негіздей отырып өлшем бірліктердің заттай мөлшерімен жасалуы тиіс.

Инвестициялық есептер үшін барлық бастапқы деректер техникалық есеппен расталуы, анықтамалық құжаттамалар (дереккөзге сілтеме бере отырып) бойынша қабылдануы және тікелей өлшеу жүргізу жолымен алынуы тиіс.

Энергия үнемдеу және ұтымды пайдалану жөніндегі ұсынымдар қызметкерлер жұмыстарының қауіпсіздігі мен жайлылығының деңгейін, өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін төмендетпеуі тиіс, ол әрбір нақты іс-шараның іске асырылуымен байланысты ықтимал қауіптердің бағалауын жүргізумен расталуы тиіс.

Негізгі немесе көмекші жабдықты ауыстырумен байланысты энергия үнемдеу бойынша іс-шаралардың техникалық-экономикалық есебі кем дегенде екі әлеуетті берушілер ресми берілген коммерциялық ұсыныстардың және жабдықтың кепілдік техникалық деректерінің негізінде орындалуы тиіс.

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша іс-шаралардың техникалық-экономикалық есебі халықаралық тәжірибеге (келтірілген таза құн, кірістің ішкі нормасы, өтелу мерзімі) сәйкес нақты экономикалық көрсеткіштерін көрсетуі тиіс.

38. Қоғамдық және (немесе) тұрғын үй ғимараты энергия аудитінің қорытындысы бойынша энергия-аудиторлық ұйым осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес ғимараттың энергия тиімділігі сыныбының көрсеткішін толтырады.

Энергия-аудиторлық ұйым әрбір қоғамдық және (немесе) тұрғын үй ғимараты үшін энергия тиімділігі сыныбының көрсеткішін толтырады.

39. Нысаналы энергия аудитін жүргізу қорытындылары бойынша Заңның 5-бабының 13-7) тармағына сәйкес уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша ғимараттарды, құрылыстарды, құрылысжайларды энергия тиімділігі бойынша таңбалау белгіленеді және техникалық есепте көрсетіледі.

